


ОРИЕНТАЛИЗМ

Қазіргі заманғы ағылшын және француз ориентализмі: Саидтің көзқарасы (жалғасы)





Кітап: Ориентализм

Дәріс: 23. Қазіргі заманғы ағылшын және француз ориентализмі: Саидтің көзқарасы (жалғасы)

Мақсаты: XX ғасырдағы ағылшын және француз ориентализмінің ерекшеліктерін анықтау, оған Саидтің берген бағасымен танысу.

Саид «Қазіргі заманғы ағылшын және француз ориентализмі» деген тарауда бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар аралығындағы ориентализмнің ерекшеліктерінің бірі ретінде оның гуманитарлық ғылымдармен (*science de l'homme*, *Geisteswissenschaften*) байланысына кеңірек тоқталады.

Бұл кезеңде Еуропада гуманитарлық ғылымның мазмұны, зерттеу әдістері өзгерді. Саидтің айтуынша, фашизмнің өршуімен енді ориенталистік емес, яғни Шығыспен тікелей айналыспайтын мәдениеттану ғылымының өзі гуманистік мәдениетке төнген қауіпке жауап беруге мәжбүр болды. Себебі техникалық даму, инженерлік, индустриялық салаларға берілген басымдық беру салдарынан адамға қатыстының барлығы кейінге ысырыла бастады. Сондықтан гуманитарлық ғылымдар, соның ішінде мәдениеттану осы қауіпке жауап қайтаруы тиіс еді. Ол жауап немесе тойтарыстың қажеттілігі тек екі дүниежүзілік соғыс аралығында ғана емес, соғыстан кейінгі кезеңде де өзектілігін жоймады. Саидтың айтуынша, неміс филологы, әдебиеттанушы ғылым Эрих Ауэрбахтың (1892–1957) «Мимесис» еңбегі дәл осындай ғылыми жауаптың жүгін арқалады.

Германияның Марбург университетінде оқытушылық қызметте жүрген Эрих Ауэрбах 1935 жылы билікке нацистер келген соң жұмыстан қуылып, Эмиграциямен Түркияға бас сауғалауға мәжбүр болған. Ол Стамбул университетінде дәріс оқыған. Ал 1947 жылдан бастап АҚШ-та тұрып, жұмыс істеген.

Эрих Ауэрбах «Мимесис» еңбегін 1946 жылы Стамбулда жазған. «Мимесис» – алдымен ағылшын, кейіннен басқа тілдерге аударылып, оқырманға кең танылған зерттеу. Батыстық гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар қатарында әдебиет, мәдениет, тарих пәндерінің теориясы мен практикасына үлкен әсер еткен. Саид Ауэрбах «Мимесисті» Батыс мәдениетінің дамуына сырт көзбен қарап, оны жалпылама бағалау мақсатында жазған деп пайымдайды. Нақтырақ айтсақ, Саид: «Еңбек жазылып жарық көрген тұста, 1946 жылы Еуропа мәдениеті әлі де болса өз тұтастығының және өркениеттік байланысының соңғы кезеңінде тұрған еді. Ауэрбах сол соңғы кезеңді қамтып қалғысы келді», – дейді.

«Саидтің жаңа дәуір авторларының арасында дәл осы еңбекке тоқталу себебі неде?» деген заңды сауал туады. Біздіңше, еңбектегі көтерілген проблемамен, терең мазмұнымен байланысты. Эрих Ауэрбах – роман тілдері мен әдебиетінің маманы. Әйткенмен, ол Еуропадағы буржуазиялық филологияның әдеттегі көкжиегінен анағұрлым биік шығарма тудыра алған деуге толық негіз бар. «Мимесис» – XX ғасырдағы гуманитарлық ғылымда материалды қамту, ал прогрессивті буржуазиялық эстетика мен әдебиеттануда өзекті мәселелерді көтеру жағынан күні бүгінге дейін құнды еңбектердің қатарында. Саид «Ауэрбахтың еңбекті жазу мақсатын Батыс әдебиетінің қағидаттарын оның саналуандылығы және байлығы арқылы көрсету болды» деп санайды. Сол мақсатқа жету үшін Ауэрбах бірқатар белгілі еуропалық авторлардың шығармаларын талдаған. Бұл жөнінде Саид былай дейді: «Жұмыстың мақсаты – Батыс мәдениетінің синтезі, әрі өзінің жүзеге асырылуының маңыздылығы жағынан бұл синтез Ауэрбахтың пайымдауынша «кейінгі буржуазиялық гуманизм» ("late bourgeois humanism) негізінде орындалды. Осылайша жеке деталь бүкіләлемдік тарихи процестің аралық символына айналды». Саидтің Ауэрбах еңбегіне қатысты айтқан ойына аз-кем талдау жасап көрейік:

1. Ауэрбах – ғылымдағы алғаш қадамдарынан бастап Джамбаттисто Виконың «әртүрлі халықтардың тілі, мәдениеті мен әдебиеті дамуының ортақ жолдары болады» деген идеясын құптаған автор. Дж. Вико өзінің жалпы тарихи заңдылықтарды анықтайтын тұтастық осы тақілеттес ойын «Жаңа ғылым» еңбегінде жеткізген, Ауэрбах өз еңбегін осы идеяға сүйеніп жазған.

2. Ауэрбах «Мимесисті» 1942–1945 жылдар аралығында Стамбулда жүріп жазды дедік. Бұл кезеңде әлем халқы неміс фашизміне қарсы күресіп, оны жеңу жолында шығынға ұшырап жатты. Неміс әдебиеттану ғылымында 30-шы жылдардан бастап айқын көрініс тапқан фашизмге, шовинизмге, национализмге қарсы өз бойында оянған қарсылығын Ауэрбах осы еңбек арқылы жеткізді. Автор еңбекте жалпы еуропалық реализм дәстүрін қорғаштайды.



Нақты айтқанда, Европа халықтары өзінің тілдік, этникалық айырмашылықтарына қарамастан бір мәдени-тарихи тұтастықта дамиды деп уәж айтады, яғни олардың мәдени және тарихи дамуы әлеуметтік дамумен және қоғам өмірін демократияландырумен тығыз байланысты екенін алға тартады.

3. Автордың өзі «Мимесисті» тек әдебиет тарихы бойынша жазылған еңбек деп есептемеді. Ол бұл еңбегіне өзінің гуманист және фашизмге қарсы күрескер ретіндегі қоғамдық және әдеби-эстетикалық позициясын танытушы құрал деп сипаттайды. «Мимесис» әдебиеттану саласындағы зерттеу болғанмен, онда Ауэрбахтың фашизмге, оның агрессивті идеологиясына, демагогиялық насихатына қарсылығы, жеңіске деген сенімі айқын көрініс тапқан. Ауэрбах кітаптың атауына, көне грек тіліндегі Платон мен Аристотель қолданған «мимесис» терминін алған. Ол «еліктеу», «әдебиетте шынайы өмір ақиқатын жеткізу, түсіндіру» деген мағынаны береді, яғни Ауэрбах көркем әдебиет өмір шындығын бейнелеуі, оның мән-мағынасын түсіндіруі тиіс деп санайды.

Саид Эрих Ауэрбах еңбегінің осы ерекшеліктерін ескере келіп, оның Джамбаттисто Викомен идеялас екенін құптап, кез келген өмір шындығын сипаттауда барынша реалистік қағидаты ұстануын қолдайды. Әдебиет немесе мәдениетті зерттеудегі автордың алдында тұрған жауапкершіліктің маңызына да арнайы тоқталады.

Ауэрбах еңбегінің бір ерекшелігі, жоғарыда айтылғандай, автор мәтінді интерпретациялағанда, Батыс Европа мен АҚШ зерттеушілері сияқты бір шығармамен шектеліп қалмайды. Керісінше, Батыс әдебиетінің тарихын толық қамтуға тырысады. Ол тіпті бір ғана нақты шығарманы талдап отырып, тұтастай адамзат тарихының көркем әдебиетте бейнеленуінің ежелгі дәуірінен бүгінгі заманға дейінгі эволюциясының негізгі, жалпы және жан-жақты заңдылықтарын анықтауға ұмтылған.

Кітаптың толық атауы – «Мимесис. Батыс Европа әдебиетінде шынайылықтың суреттелуі». Атауынан-ақ аңғарылып тұрғандай, Ауэрбах «Мимесисте» европалық әдеби дәстүрді ғана талдайды, себебі автордың маманданған бағыты осы. Ауэрбах – роман халықтарының әдебиетін зерттеуші.

Алайда бұл жерде Саид біздің назарымызды мына мәселеге аударады: Ауэрбах адамзат тарихында әртүрлі халықтардың дамуында қайталанатын ортақ заңдылықтарды талдаған кезде Шығыс халықтары жайлы мүлде сөз қозғамайды. «Ауэрбах өзінің реализм тарихы жайлы тұжырымдамасына Шығыс халықтарының әдебиетінен, ең болмаса салыстыру түрінде бірер мысал келтіргенде, ол барынша толыққанды, әрі нақтырақ бола түсер еді», – дейді Саид. Себебі тарихы бай Шығыс халықтарының әдебиеті, терең дәстүрі еңбекте қозғалған әлемдік әдеби процестен тыс, оқшау қалып қойған. Бұл – тағы да европалық ғылымға тән дәстүрлі «европоцентризмнің» көрінісі, соның жаңғырығы. Ал Ауэрбах – сол буржуазиялық ғылымның өкілі.

Иә, Саид Эрих Ауэрбах еңбегінің басқа бір тұсымен келіседі. Ол – автордың өзі үшін жат, туған емес, яғни өзге мәдениет немесе ғылымға қосатын үлестің гуманистік дәстүрі жайлы пікірі. Атап айтқанда, Саид Ауэрбах өз еңбегінде келтірген бір цитатаға назар аудартады, ол – француз философы, теолог, педагогы Гуго Сен-Викторскийдің (1096–1141) сөзі. Сен Викторский былай дейді: «Өзінің туған жерін керемет деп санайтын адам әлі пісіп-жетіле қоймаған жас; кез келген ортаны туған жеріндей көретін адам одан күштірек; бірақ бүкіл әлемді өзіне жат деп санаушы бәрінен де мықты». Бұл жерде ортағасырлық ойшыл да, Ауэрбах пен Саид те өзінің туып-өскен ортасы мен мәдениетке жаттың көзімен қарай алудың маңызын алға қойып отыр, яғни өзі сол ортадан шыққанына қарамастан, ол жайлы оқшау тұрып, тәуелсіз, шынайы жеткізе алу – ол нағыз зерттеушінің бойынан ғана табылатын қасиет.

Бұл орайда, Саид басқа мәдениетпен танысу немесе оны зерттеу кезінде ориенталистердің бойында пайда болатын әдеттегі сезім жайлы айтады. Ол – зерттеушінің өзін сол ортадан алшақ ұстаудан туатын сезім. Ориентализм мен басқа гуманистік пәндердің арасындағы исламға қатысты ең айқын айырмашылықтарға Ауэрбах нұсқаған «ортадан алшақтау» идеясы тұрғысынан назар аудару қажет деп есептейді, яғни бұл жерде «ислам туралы тұжырым жасағанда одан алшақ тұрып пікір білдіру қаншалықты маңызды?» деген заңды сұрақ туады. Егер Ауэрбахтың жоғарыда айтылған көзқарасын басшылыққа алсақ, исламға, ислам мәдениетіне қатысты зерттеулер одан алшақ тұрып жасалса, шынайы нәтиже беруі мүмкін еді. Саид



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **23. Қазіргі заманғы ағылшын және француз ориентализмі: Саидтің көзқарасы (жалғасы)**

ислам ориенталистерінің өздерінің исламнан алшақтығын ешқашан жағымды немесе өз (яғни Батыс) мәдениетін дұрыс түсінуге бастайтын әдіс ретінде қарастырмағанын алға тартады. Басқаша айтқанда, исламнан алшақтық олардың бойында Европа мәдениетінің басымдылығы жайлы түсінігін бұрынғыдан бетер күшейте түсті, ал ислам Шығыстың кері кетуінің, салдары өте қауіпті азып-тозуының белгісі ретінде қабылданып, нәтижесінде оған деген жеккөрушілік сезімі артып кететінін айтады.

Саидтің пайымдауынша, «дәл осындай үрдіс тұтастай XIX ғасыр бойы ориенталистік зерттеулердің мазмұнына батпандап еніп алды және уақыт өте келе ұрпақтан ұрпаққа берілетін ориенталистік білімнің ажырамас бөлігіндей боп сіңісіп кетті». Саид Европа ғалымдарын Таяу Шығысты Киелі кітап «Библияның» «негізінде», яғни «теңдессіз діни маңызы бар орындар» ретінде ғана қарастыруын тоқтатпады деп сынайды. Ол бұл жөнінде былай деп жазды: «Ислам ориенталист үшін олардың өздері христиандықпен және иудаизммен ерекше байланысты болғандықтан, о бастан мәдени арсыздықтың идеясы болып қалды әрі ислам өркениетінің о бастан (және күні бүгінге дейін) христиандық Батыс үшін өзіндік оппонент болып қала беру қаупі тереңдей түсті», яғни Батыс авторларының еңбектерінде исламның дербес дін ретіндегі құндылықтары лайықты бағасын алған жоқ. Сондықтан да ол «Шығыста тараған ислам дінін Батыстағы христиандықтың оппоненті деп түсіну – еуропалықтардың ең үлкен қателігі» деп санайды.

Дәл осы себептер бірінші және екінші дүниежүзілік соғыс аралығындағы ислам ориентализмінің, жалпылама алғанда Ауэрбах және басқа авторлар көрсеткен мәдени дағдарыстың күшеюіне әкелді. Бұл жөнінде Саид былай дейді: «Ислам ориентализмі о бастан діни тәсілді ұстанғандықтан, ол көбіне белгілі бір методологиялық шектеулер аясында өмір сүрді. Оның мәдени алшақтығы, біріншіден, қазіргі заманғы тарих пен әлеуметтік-саяси жағдайлардан қорғауға мұқтаж болды, екіншіден, оны кез келген теориялық немесе тарихи жаңа мәліметтерге қатысты жүргізілетін міндетті тексерулерден де қорғау қажет болды».

Саид бұл жерде ислам дінін ориенталистер нақты өмір шындығынан тыс қарағанын, ортағасырлық заман тұрғысынан ғана назарға алынғанын сынайды. Оның, исламның гуманитарлық ғылымдар ұсынған біртұтас адамзат идеясынан, адам әрекетінің жан-жақтылық қағидаттарынан бөлек қарастырылғанын үлкен қателік деп көрсетті. Себебі исламның негізгі идеясының бірі – осы адамзаттың тұтастығы мен бейбітшілік екені белгілі. Осы себептерге байланысты, мысалы, филологиядағы синтездеу әдісі ғалымдардың білімін толықтыруға қызмет етсе, ислам ориентализмінде керісінше, Шығыс пен Батыс арасындағы алшақтық сезімдерінің арта түскенін байқауға болады.

Саидтің пайымдауынша, мұның барлығы басқа гуманитарлық ғылымдармен, тіпті ориентализмнің басқа салаларымен салыстыра қарағанда ислам ориентализмінің методологиялық және идеологиялық жағынан алғанда кенжелеп қалуын көрсетеді. Ислам әлемі нақты әлемнің тарихи, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайларынан тыс қаралмауы тиіс еді. Керісінше, ол басқа гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланыста, қатар дамығанда Батыстың Шығысты тануы анағұрлым нәтижелі болар еді. Алайда бұл жүзеге аспады. Мұның барлығы жоғарыда айтылған адамзат дамуының тарихындағы ортақ заңдылықтар, реалистік көзқарас, гуманистік дәстүр қағидаттарына қайшы. Саид осы арқылы Европа ғылымындағы жаңа заманғы ориентализмде «гуманистік ой» тек шартты атау, оның толыққанды дамуы мүмкін емес екенін айтады. Сондықтан ол өз еңбегінде «Қазіргі заманғы ағылшын-француз ориентализмі» деп атаған XX ғасыр ориентализмі дағдарысқа ұшырады деп бағалайды. Шын мәніндегі гуманизм тек көне заманғы Грек мәдениеті мен әдебиетінде қалып қойған алыс идея деп түйіндейді. Мұның барлығы оның «ориентализм – Батыстың Шығысқа үстемдігін ақтау үшін қолдан жасалған доктрина» деген ойын одан әрі қуаттай түседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Эрих Ауэрбахтың (1892–1957) «Мимесис» еңбегінің ерекшеліктері қандай?
2. «Ортадан алшақтау» идеясын қалай түсінесіз?



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **23. Қазіргі заманғы ағылшын және француз ориентализмі: Саидтің көзқарасы (жалғасы)**

Өздік жұмыс тапсырмалары:

1. Ғылымдағы гуманизм жайлы баяндаңыз.
2. «Ислам ориентализмі» ұғымын анықтаңыз. Негізгі еңбектерді атаңыз.
3. Қазіргі заманғы ағылшын-француз ориентализмінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Ұсынылатын ресурстар:

1. Said, Edward W. Orientalism. London: Penguin, 2003. 396 p.
2. Эдвард Саид. Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. 639 с.